

**Н. Жасымбек, 1-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: С. А. Асатаев, жалпы білім беретін пәндер**  
**кафедрасының оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРЫ**

Соңғы жылдары елімізде табиғат қорғау шараларына айрықша көңіл бөлініп, әрбір аймақтың табиғи ерекшелігін сақтап қалу және оны көркейту мәселесіне ғылыми тұрғыдан үлкен мән беріліп отыр. Табиғатты қорғаудың ең маңызды түрінің бірі — ерекше қорғалатын табиғи аумақтар. Қорғалатын аумақтардың түрлері әлемде әртүрлі: қорықтар, қорықшалар, табиғи ескерткіштер, ұлттық және табиғи парктер, ботаникалық бақтар, биосфералық резерваттар. Қорықтар — толық қорғаудың ең жетілген формасы, себебі ол тұтас, табиғи түрінде сақталған кешенді қамтитын және де табиғи ресурстарын шаруашылықта пайдалануы тыйылатын тұтас учаскені қамтиды<sup>1</sup>.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақ (ЕҚТА)** — айырықша күзет режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендер мен объектілерді қамтитын жер, су объектілерінің және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері.

Мемлекеттік табиғи резерват — осы аумақтағы ландшафттық және биологиялық алуан түрлілікті сақтауға және қалпына келтіруге, табиғи ресурстардың тұрақты дамуы мен теңгермелі пайдаланылуын қамтамасыз етуге арналған әртүрлі қорғау режимдері бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

**Мемлекеттік табиғи қамал** — мемлекеттік табиғи-қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға және толықтыруға арналған шаруашылық қызметтің тапсырыстық режимі немесе реттелмелі режимі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ<sup>2</sup>.

### **Мемлекеттік табиғи қорықтар.**

Біздің елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі түрі — мемлекеттік табиғи қорықтар. Қорықтар ғылыми мекемелер қатарына жатады. Қорық аумағында ешқандай шаруашылық жұмыстары жүргізілмейді, онда тек ғылыми-зерттеу жұмыстары ғана жүргізіледі. Сондықтан қорық аумағында жоғары білімі бар арнайы мамандар ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады. Қазір Қазақстанда 10 мемлекеттік табиғи қорық бар. Қорық аумағындағы барлық табиғат байлықтары түгелдей қатаң түрде қорғалады. Сонымен бірге қорықтар белгілі бір экожүйелерді қорғау мақсатында арнайы ландшафтылық

аумақтарда ұйымдастырылады. Мысалы, шөлді, далалы, су-батпақты және т. б. экожүйелердің қорықтары деп бөлінеді.

Далалы аймақта ұйымдастырылған Наурызым, Үстірт және Барсакелмес қорықтары шөлді аймақтың табиғи бірлестіктерін қорғау мақсатында ұйымдастырылған. Қорғалжын қорығы сулы-батпақты алқаптың табиғат байлығын қорғайды.

### **Ұлттық табиғи саябақтар.**

Ұлттық табиғи саябақтарда табиғат қорғау жұмыстарымен бірге табиғат қорғауды насихаттау, экологиялық білім мен тәрбие беру, туризмді үгіттеу жұмыстары қоса жүргізіледі. Елімізде 10 ұлттық табиғи саябақ ұйымдастырылған. Ұлттық табиғи саябақтар көбіне табиғаттың көрікті жерлерінде ұйымдастырылып, шаруашылық жұмыстарды табиғат қорғау жұмыстарымен үйлесімді жүргізуге ерекше мән беріледі.

Елімізде соңғы жылдары Шарын (2004 ж.), Сайрам-Өгем (2006 ж.) және Көлсай көлдері (2007 ж.) ұлттық табиғи саябақтары ұйымдастырылды. Алдағы уақытта елімізде тағы да 5 ұлттық табиғи саябақ (Жоңғар Алатауы, Ақсу-Лепсі, Бұйратау, Зайсан, Ақжайлау) ұйымдастыру қарастырылуда.

### **Биосфералық қорықтар.**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың соңғы кезде ұйымдастырылып жүрген түріне — биосфералық қорықтар жатады. Биосфералық қорықтар дүние жүзіндегі кейбір ауқымды аймақтардың табиғатын қорғау және сақтап қалу мақсатында ұйымдастырылады. Онда табиғат қорғау шаралары халықаралық деңгейде жүргізіледі. Мұндай қорықтар табиғаты онша өзгеріске ұшырамаған экожүйелерде ұйымдастырылып, табиғатта үздіксіз болып жататын өзгерістерге бақылау жасалынып талданады. Биосфералық қорықтардың аумағы бірнеше белдемдерге (ішкі, шекаралық және шаруашылық) бөлініп, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Қазір дүние жүзінде 350-ге жуық биосфералық қорық ұйымдастырылған Қазақстандағы Қорғалжын және Наурызым қорықтарына биосфералық қорық мәртебесі берілген.

Ақсу-Жабағылы, Алматы, Марқакөл және Батыс Алтай қорықтары таулы алқаптың табиғат байлығын қорғайды. Мысалы, Ақсу-Жабағылы қорығында сарыбауыр аяқсыз кесіртке, үнді жайрасы, Алматы қорығында орақтұмсық, ілбіс т. б. қорғалады. Ал Алакөл қорығында қара мойнақ шағала т. б. қорғауға алынған. Сонымен биосфералық резерваттар жаңа маңызды рөл атқара бастады. Қоғамның қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, жалпы тұрақты болашақ дамуға өтудің мүмкіндіктерін көрсетеді<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Колумбаева С. Ж., Білдебаева Р. М., Шәріпова М. Ә. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы. — Алматы, 2012.

<sup>2</sup> Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 Заңы.

<sup>3</sup> Оспанова Г. С., Бозшатаева Г. Т. Экология: Оқулық. — Алматы, 2002.